



**§1. Жылулық қозғалыс.
Броундық қозғалыс.
Диффузия.**

Молекулалардың ретсіз қозғалысын
жылулық қозғалыс деп атаймыз.

Диффузия – бір заттың
молекулаларының екінші заттың
молекулаларалық кеңістігіне еніп кетуі.



Тәжірибелер:



Диффузия құбылысынан мынадай қорытынды туады: денелерді құрайтын бөлшектер бір-бірінен белгілі бір қашықтықта орналасады және үздіксіз қозғалыста болады. Сөйтіп, дене көлемінің үлкен бөлігін бос кеңістік алып тұрады.

- **Броундық қозғалыс** – сұйықта немесе газда қалқып жүрген қандай да бір қатты заттың өте ұсақ бөлшектерінің сұйық немесе газ молекулаларының соққыларының әрекетінен бейберекет қозғалуы.

